

ОБ АВТОРАХ:

Назарова Вера Леонидовна – д.э.н., профессор Алматинского гуманитарно-экономического университета, город Алматы, Республика Казахстан, e-mail: vnazarova@lenta.ru, ORCID: 0000-0003-4320-5236

Тутенов Байкарим Вильямович – к.э.н., ассоциированный профессор Алматинского гуманитарно-экономического университета, город Алматы, Республика Казахстан, e-mail: tutenov@inbox.ru, ORCID 0009-0008-7585-4488*

Ксенофонов Дмитрий Анатольевич – магистр технических наук, докторант Международного университета инновационных технологий, город Бишкек, Кыргызская Республика, e-mail: xenofontov-dm@mail.ru, ORCID 0000-0002-7949-0326

МРНТИ: 657.6

JEL Classification: 06.35.31

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2025-3-161-179>

**ЕУАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІНДЕ ИМПОРТТЫҚ
ОПЕРАЦИЯЛАР ЕСЕБІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ**

А. М. Набиева^{1*}, С. С. Сапарбаева¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеудің мақсаты. Экономиканың құрылымдық және халықаралық деңгейде дамуы тұсында Қазақстан Республикасының экономикасында импорттық сауда операциялары ерекше орын алады. Соңғы кездері отандық ұйымдар мен компаниялар сыртқы сауда қызметтеріне жоғары деңгейде интеграциялану үрдісі байқалып отыр. Отандық өндіріс пен қызмет көрсету бизнесін қажетті шикізат ресурстарымен қамтамасыз ету алыс-жақын елдерден импорттау арқылы жүзеге асырылып отырғаны бәрімізге мәлім. Импорттық операцияларды жүзеге асыру және бухгалтерлік есеп пен салық есебінде дұрыс көрсету тәжірибесінің әлі де болса да дұрыс болмауына байланысты бизнес субъектілері импорттық операцияларды бухгалтерлік есепте жүргізуге байланысты белгілі бір қиындықтарға тап болып отырады.

Жалпы импорттық сауда операцияларының бухгалтерлік есебінің дұрыс ұйымдастырылған әдістемесі компанияның қаржылық нәтижесіін және есепті кезең ішіндегі болған операциялар мен олардың нәтижелерін сенімді, дұрыс және объективті көрсетуге бағытталуы тиіс.

Сонымен, зерттеудің мақсаты экономиканың күрделі әрі құбылмалы даму кезінде бухгалтерлік есеп тәжірибесінде өте күрделі және пікірталас тудыратын есеп объектілерінің бірі импорттық операцияларды есепке алу аспектілерін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (бұдан әрі ХҚЕС) талаптарына және салық кодексінің ерекшеліктеріне қарай зерттеу арқылы, тиімді әдістерін анықтау болып саналады.

Зерттеудің әдіснамасы. Мақаланы орындау кезінде монографиялық зерттеу әдістері, бухгалтерлік есептің әдістері, экономикалық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы. Бұл тақырыпты зерттеудің нәтижесі ЕАЭО елдерінен алынған шикізаттар мен материалдар, тауарлар мен активтерді есепте бастапқы тану, бағалау, кейінгі бағалау, өндіріске жіберу, сату бойынша нәтижелерді қаржылық есеп пен салық есебінде дұрыс көрсету әдістерімен ерекшеленеді.

Зерттеудің нәтижелері. Зерттеу жұмысының әдебиеттерге шолу бөлімінде импорттық операциялар туралы отандық және шетелдік ғалым тәжірибешілердің еңбектері зерттеліп, импорттық операцияларға авторлық ұсыныстар беріледі. Мақаланың негізгі бөлігінде импортталатын тауарлар мен шикізаттардың, активтердің бастапқы мойындалуы мен бағалану тәртіптері, олардың бағаларын анықтау рәсімдері, импорт бойынша қосылған құн салығын есепке алу тәртіптері анықталады.

Түйін сөздер. Импорт, импорттық операциялар, сыртқы экономикалық сауда, кедендік бақылау мен реттеу, валюталық реттеу және бақылау, қосылған құн салығы, корпорациялық табыс салығы, кеден баждары.

КІРІСПЕ.

Халықаралық экономикалық операциялар мен қызметтер отандық экономика мен бизнес субъектілерінің экономикалық, қаржылық қызметтеріне терең енуімен байланысты сыртқы саудалық, импорттық-экспорттық операцияларды бухгалтерлік есеп пен қаржылық, салықтық есептілікте маңызды орын алады. Сонымен бірге халықаралық саудалық операциялар валюталық, банктік, салықтық, кедендік реттеу мен бақылау алынатын бухгалтерлік есеп объектілері болып табылады. Демек, бұлардың барлығы ұйымдардың қаржылық есептілігінде дұрыс көрсетуге қойылатын талаптар мен ережелердің дұрыс жүзеге асырылуын талап етеді.

ҚР-сы үшін сыртқы экономикалық қызметтер мемлекеттік және халықаралық бақылау шараларымен реттелді. Ондай реттеуші нормаларға: ҚР Кеден заңдылығы; Еуразиялық экономикалық одақ заңдылықтарымен және өзге де халықаралық келісімдер және ережелер жатады.

ҚР-сы тәуелсіздік алғаннан бері көптеген интеграциялық, құрылымдық және халықаралық үрдістердің бастамашысы және ілгерлі қатысушысы болып саналады. Біздің ел алғаш рет 1994 жылы Еуразиялық ынтымақтастық (интеграция) туралы мәселені көтерген болатын. Соның нәтижесінде алғаш рет Кеден Одағы, содан кейін Бірыңғай экономикалық кеңестік, ал 2015 жылдың қаңтарынан бастап Еуразиялық экономикалық Одақ (бұдан әрі ЕАЭО) құрылып, қазіргі күнге дейін белсенді түрде қызметін жүзеге асырып келеді. Оның қатысушылары ҚР, Беларусь, Ресей, кейіннен Армения мен Қырғыз Республикасы болып саналады.

ЕАЭО мүше елдерінің ішінде ҚР-ның импорттық операциялары жоғары үлесті алып отыр. Отандық ұйымдардың көп бөлігі өз бизнестері мен кәсіптерін ЕАЭО елдерінен тауар мен қызмет импорттарына негіздейді.

Соған байланысты бизнес субъектілері үшін импорттық операциялардың сан қилы ерекшеліктері, заңдылықтар мен ережелердің сан алуан талаптары мен өзара екі ұштылықтарына байланысты тауарлар мен қызметтер импортын кезінде оларды мойындау, бағалау, бухгалтерлік және салықтық есептердің әдістемесі жан жақты және терең қалыптасып, аяқталмады. Демек, бұл ғылыми мақаланың өзектілігін қазіргі күнде көптеген резидент және резидент емес компаниялардың менеджерлерін, есепшілерін, қаржыгерлерін мазалап отырғандығымен түсіндіруге болады.

Әдебиеттерге шолу. Жалпы кез келген елде сыртқы экономикалық сауда айырбас, айналымы қызметтері мен операцияларын мемлекеттік реттеу мен бақылаудың мақсаты мемлекеттің экономикалық және саяси мүдделер толықтай қорғалған кезде және оңтайлы іс әрекеттер жасалған жағдайда елдегі кәсіпкерлік қызмет пен бизнестің табысты дамуына негіз бола алады.

Қазіргі таңда дүниежүзілік сауда операцияларының кең ауқымда интеграциялануы жағдайында отандық ұйымдар тауарлар мен шикізат ресурстарын, жабдықтар мен өзге де активтерді ЕАЭО елдерінен басқа шет мемлекеттерден импорттау арқылы елге сатып алады.

Сыртқы саудалық операциялар сыртқы экономикалық қызметтің маңызды бөлігі бола отырып жеке экономикалық секторлардың және жалпы мемлекеттің экономикалық дамуын қамтамасыз етуші механизм болап саналады.

ҚР-ның Салық Кодексінің 1-ші бабы, 64 бөлімшесіне сәйкес тауарлар импорты - ЕАЭО-тың Кеден заңдылығы немесе ҚР-ның кеден заңына сәйкес жүзеге асыруға болатын тауарларды ЕАЭО-тың кедендік аумағына әкелеу, сонымен қатар ЕАЭО-қа мүше болып саналатын басқа мемлекеттің территориясынан ҚР-на әкелу [1]. Егер бизнес субъектісі не кәсіпкер ҚР-ның аумағына тауарларды әкелеу

не болмаса тауарларды немесе активтерді елдің аумағынан шығаруды, сатуды жүзеге асыратын болса, онда ол субъектілер импорттық-экспорттық операцияларды жүзеге асырушы болып саналады.

Импорттық және экспорттық операцияларды жүзеге асыру тәртіптері ҚР-ның Ұлттық Банкі қабылдаған (29.09.2023) «экспорттық – импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру туралы» қағидаларына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс [2]. Осы қағидаға сәйкес тауарды импорттаушы не экспорттаушы тұлғалар валюталық келісімшарттар негізінде сыртқы сауда операцияларын жүзеге асыра алады.

ҚР-да валюталық операциялар есебі 21-ші «Валюталық бағам өзгерісінің әсері» ХҚЕС-мен реттеледі. Осы стандартқа сәйкес шетел валютасымен операциялар бұл – шетел валютасымен көрсетілген және есеп айырысуды көздейтін операциялар [3]. Мұндай операцияларға мыналарды жатқызуға болады:

- бағалары шетелдік валютамен көрсетілген тауарларды, қызметтерді сатып алу немесе сату;
- шетел валютасымен қарыз алу немесе қарыз беру;
- шетел валютасында белгіленген активтердің түсімі немесе шығысы;
- шетел валютасымен міндеттемелерді өтеу немесе қабылдау.

Шетел валютасымен операцияларды бастапқы тану операция болған күндегі шетел валютасының ағымдағы айырбастау бағамын шетел валютасындағы сомаға қолдана отырып, функционалдық валютамен есепке алынады.

Отандық және шетелдік авторлардың еңбектеріне шолу жасай отырып, біз көптеген авторлардың валюталық операциялар, импорттық операциялар анықтамасына берген тұжырымдамаларын зерттеп өттік. Мәселен, ТМД еленің авторв В.С. Ржаницын өзінің еңбегінде, «валюталық операциялар валюталық құндылықтарға меншік құқығының немесе өзге де құқықтардың ауысуы, соның ішінде төлем құралдары ретінде шетелдік валютаны және төлем құжаттарын пайдалануға байланысты операциялар» деп түсіндіреді [4, 45-46 бб.]. Біз бұл автордың тұжырымдамасын жалғастыра отырып, валюталық операциялар – бұл бухгалтерлік есептің жекеше есеп объектісі ретінде меншік құқығының ауысуымен байланысты немесе оған байланыссыз операциялар, төлем құралы ретінде валюталық қаражаттарды пайдалану операциялары және валюталық құндылықтардың қозғалысы бойынша операцияларды айтуға болады.

Кез келген экономикада импортқа деген сұраныс қаржылық және қаржылық емес факторлармен анықталады. Оларға көп жағдайда валютаның бағамдары, елдің және бизнестің экономикалық белсенділігі, ішкі және сыртқы экономикалық жағдайлар, өндіріс пен еңбек нарығы, саяси жағдайлар жатады. Негізінде салыстырмалы баға тарифтері мен нақты табыстар импортқа деген сұранысты қозғайтын маңызды және салмақты факторлардың бірі болып саналады. АҚШ экономист ғалымы Ф.Л. Ривера-Батиз (Rivera-Batiz F.L.) өзінің еңбегінде «экономикалық белсенділікті артуы импорттың ұлғаюына себеп болады» деп тұжырым береді, өйткені жоғары кірістілік тұтыну қабілетіне оңтайлы ықпал етеді [5]. Демек, біздің ойымызша да, экономикалық өсу мен импорттың арасында тікелей байланыс бар.

Ресей ғалымы В.Е. Понаморенко валюталық операцияларды банктік тұрғыдан қарай отырып, валюталық операциялар – валюталық сипаттағы шетел валютасымен өлшенетін операциялар деп түсіндіреді [6, 16 б.]. Бұл автордың пікірін жалғастыра отырып, біз валюталық операциялар құны шетел валютасымен көрсетілетін немесе шетелдік валютамен есеп айырысуды талап ететін экономикалық немесе қаржылық операциялар деп қоса аламыз.


ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ.

Импорт тауарларды және қызметтерді шекара арқылы сатып алуды көздейді. Сатып алушы сатушыны халықаралық деңгейде анықтайды және келісімшарттың негізінде тауарлар мен қызметтерге тапсырыс береді. Импорт импортталатын тауарлардың айырбас құны болып саналатын әртүрлі валюталармен есеп айырысуды қамтиды.

ҚР-ның Статистика бюросының 2024 жылы қазан айындағы берген есептілігі бойынша ҚР-ың сыртқы сауда айналымының 2023-2024 жылдардағы динамикасын талдау жасау арқылы, оның жағдайына ақпараттық негізде баға беруге болады (1 - сурет).

Статистика бюросының ресми ақпараты бойынша Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 2024 жылдың алғашқы сегіз айында 91673,7 млн. АҚШ долларын құрап, 2023 жылғы осы көрсеткішпен салыстырғанда 0,6%-ға төмендеді. Сауда айналымының 53547,5 млн. АҚШ долларын экспорт алады, ал 38126,3 млн. АҚШ долларын импорт алып отыр [7].

Жалпы сауда айнылымы 2023 жылдың қаңтар айында 2022 жылдың қаңтар айымен салыстырғанда 115,0%-ға жоғарылаған болса, ал 2024 жылы сәйкесті кезеңдегі көрсеткіш 98,5%-ға дейін төмендеп отыр.



1 сурет – ҚР-ның сыртқы сауда айнылымы (пайыздық өсімі, %)

Ескерту – сурет ҚР Статистика Бюросының ресми мәліметтерінен алынды [7]

Енді төмендегі 2-ші сурет арқылы ҚР-ның экспорттық операцияларының динамикасын сәйкесті кезеңдер бойынша талдау жасап көре аламыз (2 - сурет).




2 сурет – ҚР-ның экспорт айнылымы (пайыздық өсімі, %)

Ескерту – сурет деректері ҚР Статистика Бюросының ресми мәліметтерінен алынды [7]

Диаграмманың мәліметтеріне талдау жүргізетін болсақ, онда біз 2023 жылы экспорттық тауалар мен қызметтер айналымы 2022 жылмен салыстырғанда 98,7% көрсетіп, нәтижесінде 1,3%-ға төмендеп отырғанын байқадық. Ал 2024 жылы осы көрсеткіш 2023 жылға қарағанда 0,6%-ға төмендеп отыр.

Талдау жұмысымызды әрікарай 3-ші диаграмма арқылы ҚР-ның импорттық операциялар динамикасын зерттеумен жалғастырамыз (3 - сурет).



3 сурет – ҚР-ның импорт айналымы (пайыздық өсімі, %)

Ескерту – сурет ҚР Статистика Бюросының ресми мәліметтерінен алынды [7]

Жоғарыда берілген 3-ші диаграмманың ақпараттары ҚР-ның импорт айналымын көрсетеді, яғни 2023 жылдың қаңтарындағы көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 149,7%-ға дейін арытп отырған болса, ал 2024 жылдың қаңтарында 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 99,0%-ға дейін төмендеп отыр. Яғни, бұл жерде біз ҚР-ның бизнес субъектілері шетелден тауарлар импортын жасау мәмілелерін азайтқанын байқауға болады.

ҚР-ның ЕАЭО-қа мүше елдермен өзара тауар айналымына баға беру үшін төмендегі 4-ші сурет арқылы талдау жүргізуіміз қажет болады (4-сурет).

Қарастырып отырған кезеңде, яғни 2023 жылдың қаңтар-тамыз аралығында ҚР-ның ЕАЭО-қа мүше елдермен тауар айналымы 19 567,7 млн.АҚШ долларын құраса, 2024 жылдың осы кезең аралығында тауар айналымы 18930,7 млн.АҚШ долларын құрады [7].

ЕАЭО елдерімен сыртқы тауар айналымының жалпы көлемінің ішінде Ресей – 91%, Қырғыз Республикасы – 5,8%, Беларусь – 3,1% және Армения – 0,1%-ды алып отыр.



4 сурет – ҚР-ның ЕАЭО-қа мүше елдермен өзара тауар айналымының үлесі (%)

Ескерту – сурет деректері ҚР Статистика Бюросының ресми мәліметтерінен алынды [7]

Талдау жұмысымызда ҚР-на тауар импорттаушы елдер бойынша 2023 жылғы тауар айналымына төмендегі 1-кесте арқылы талдау жасауға болады.

1 кесте – ҚР-ның негізгі сауда серіктестіктерімен шикізаттық емес тауар айналымы млн.доллар, (2023)

№	Елдер	Жалпы тауар айналымы	Экспорт	Импорт	Үлесі, %		
					Жалпы тауар айналымы	Экспорт	Импорт
	Жалпы	82 630,8	25 284,4	57 346,3	100,0%	100,0%	100,0%
1	Ресей	22 556,8	8 009,1	14 547,7	27,3%	31,7%	25,4%
2	Қытай	21 552,0	5 014,2	16 537,8	26,1%	19,8%	28,8%
3	Түркия	3 566,5	1 654,0	1 912,4	4,3%	6,5%	3,3%
4	Германия	3 420,9	289,3	3 131,6	4,1%	1,1%	5,5%
5	АҚШ	3 128,5	657,0	2 471,6	3,8%	2,6%	4,3%
6	Өзбекстан	3 074,0	1 949,1	1 124,9	3,7%	7,7%	2,0%
7	Оңтүстік Корея	2 363,6	162,2	2 201,3	2,9%	0,6%	3,8%
8	Жапония	2 187,0	585,0	1 602,0	2,6%	2,3%	2,8%
9	Франция	1 573,4	290,7	1 282,7	1,9%	1,1%	2,2%
10	Италия	1 390,4	161,3	1 229,1	1,7%	0,6%	2,1%
11	Қырғыз Респ.	1 282,9	960,6	322,3	1,6%	3,8%	0,6%
12	Нидерланды	1 035,5	688,1	347,4	1,3%	2,7%	0,6%
13	Ұлыбритания	1 035,4	561,3	474,1	1,3%	2,2%	0,8%
14	Вьетнам	968,6	180,2	788,4	1,2%	0,7%	1,4%
15	Польша	905,8	245,9	660,0	1,1%	1,0%	1,2%

Ескерту – кестені авторлар [8] әдебиеттің негізінде құрастырды

«Kapital.kz» іскерлік ақпарат орталығының мәліметтері бойынша Қазақстанның 2022 жылдағы сыртқы сауда айналымы 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 3,2%-ға жоғарылап, 139,8 млрд.долларды құрады [8]. Сонымен қатар шикізаттық емес тауарлар айналымы 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 11,7%-ға жоғарылап, оның ақшалай мөлешірі 82,6 млрд.долларды құрады.

2023 жылы Қазақстанның шикізаттық емес тауарлар экспорты 2022 жылмен салыстырғанда 25,35 млрд.долларға дейін төмендеп, нәтижесінде 5,7%-ға динамикасы түсіп отыр.

Ал осы кезеңдегі шикізаттық емес тауар айналымы бойынша импорт 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 57,3 млрд.долларды құрап, нәтижесінде 21,5%-ға дейін жоғарылап отыр. Оның ішінде жеңіл автомобильдер 5,3%, телефон аппараттары 3,2%, автомобильдерге арналған шанақтар 2,8%, бөлшек саудаға оралған дәрілік заттар 2,5%, автомобильдер мен тракторлар үшін қосалқы бөлшектер 2%, ұшу аппараттары 1,8%, есептеу машиналары 1,7%, мұнай өнімдері 1,6%-ға жоғарылап отыр.

Жоғарыдағы 1-ші кесте бойынша жалпы ҚР-ның сыртқа сауда қызметінде, яғни импорттық, экспорттық сауда айланылымы бойынша алдыңғы үштікті Ресей, Қытай және Түркия мемлекеттері алып отырғанын байқауға болады.

Жалпы тауар айналымының ішінде экспортқа қарағанда импорттық сауда айналымы басымырақ болып отыр. Демек, бұл мемлекетімізге шетелден тауарлар мен шикізаттарды сатып алу деңгейінің жоғары болып отырғанын көрсетеді.

Шетелдік авторлардың сыртқы сауда айналымының экономикадағы алатын маңызы мен рөлі туралы еңбектерін зерттеу арқылы Tran Tan Tai, Chi Dan (2020), олардың жалпы халықаралық сауданың экономикадағы алатын орны туралы берген тұжырымдамалары бойынша [9, 719-720 бб.]:

Біріншіден, сауда мемлекеттердің басқаруымен нарықтық экономикадағы тауар айналымына ықпал етеді. Сауда әрбір елдің жұмыс күшін қайта бөлу, өндірістегі мамандандыру, кооперация үрдісін ынталандыруға оң әсер етеді, өндірістің ауқымды тауар өндірісіне бағыттайды, ішкі және сыртқы сұранысты әртараптандырады.

Екіншіден, сауда құрылыс индустриясының, агроөнеркәсіптік өндірісі, азық-түлік өнімдерін өндіру, құралыс заттары мен материалдарын өндіру саласындағы көпір.

Үшіншіден, сауда экономиканың өндіргіш күштерінің дамуы мен тауар өндірісін ынталандырады, еңбек саны мен іскерлік ойлаудың сапасына жаңашылық енгізуге ықпал жасайды, шикізат, өндіріс құралдары мен бұйымдары, тұтыну тауарларын өндіруді ынталандырады, техноогиялық ресурстарды бөлу, қайта бөлуді қалыптастырады.

Төртіншіден, қаржылық, еңбек, материалдық ресурстарды аймақтар арасында бөлуді қамтамасыз етеді.

Бесіншіден, сауда сыртқы экономикалық байланыстардың нығаюы мен кеңеюіне, шетел валютасындағы капиталдың және инновациялық технологиялардың жинақталуына ықпал етеді [9, 719-720 бб.].

Жоғарыда берілген авторлардың тұжырымдамалары, ол халықаралық сауданың экономикалық тұрғыдан алғандағы маңыздылығына сипаттама беріледі.

Ал, бухгалтерлік есеп тұрғысынан алғанда импорттық операцияларға әртүрлі түсініктемелер беріледі. Кейбір еңбектерде «импорттық тауарлардың құны» деген ұғым «импорттың толық құны» деген ұғыммен ауыстырылып берілген. Бұл көрсеткіш шетел валютасымен төленетін және келісім шартта көрсетілген, тауардың құнына қосылатын үстеме шығыстардың сомасымен сәйкес келеді.

Ресей ғалымы М.В. Мельник импорттық операциялар – ұйымдардың сыртқы экономикалық қызметінің құрамдас бөлігі деп атап көрсетеді [10, 116 б.]. Демек, импорттық операциялар болашақта елдің ішінде әріқарай сату немесе қайта өңдеуге жіберелетін ел аумағына шикізаттар мен тауарларды, дайын өнімдерді әкелуге байланысты кәсіпкерлік қызмет деп айтуға болады.

Импорттық операциялар түсінігіне заңдылық тұрғыдан тұжырамдама беретін болсақ, онда ҚР-ның экспорттық бақылау туралы заңына сәйкес «импорт – тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді және зияткерлік қызмет нәтижелерін әкелу» деп айқындауға болады [11]. Осылайша, қазіргі дүниежүзілік сауда мен капитал қозғалысының тез қарқынды дамуы тұсында импорттық операциялардың жүзеге асырылу техникасы әртүрлі және осыған байланысты импорттық оперциялар туралы біржақты түсініктеме беру мүмкін бола бермейді.

ҚР 2015 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымының (бұдан әрі ДСҰ) қатысушысы болып, өзінің экономикалық қызметтерін әлемдік алаңға бет бұра бастады. ДСҰ-на қосылу кезінде кеден, салық, бюджет, валюталық операцияларды реттеу, сонымен қатар зияткерлік меншіктерді қорғау заңнамалары қайта өзгерістерге ұшырады және ЕАЭО-тың қағидаларын ескере отырып түзетулерге ұшырады. Сонымен қатар ЕАЭО аясында ҚР-ның Кедендік реттеу заңы қайта қабылданды.

Кедендік реттеу – ЕАЭО бойынша кедендік байланыстарды, соның ішінде тауарлар импортын реттейтін халықаралық шарттарға, ЕАЭО-тың Кеден Кодексі туралы келісімі мен осы одақтың халықаралық шарттарына сәйкес орындайды [12]. ЕАЭО-тың Кеден заңнамасымен реттеуге келмейтін сыртқы экономикалық байланыстар мен сауда айналымы бойынша операциялар ҚР-ның кеден заңнамасымен реттеледі [13]. Демек, кез келген мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметтері өкіметтік басқару органдары және бизнес субъектілерінің қатысумен жүзеге асырылатын ауқымды және күрделі мәселелі механизм болып саналады. Яғни, бірінші жағдайда мемлекет тарапынан саудалық интеграцилаудың мемлекетаралық алғышарттарын белгілеуге, экономикалық процестер бойынша байланыстардың орнатылуын және тиімділігін аттыруды қамтамасыз ететін құқықтық, саудалық, саяси механизмдерді құруға бағытталады. Екінші жағдайда, шаруашылық құқықтық негізе саудалық, коммерциялық келесім-шарттар мен іс әрекеттер жасауға бағытталады.


Сонымен, импорттық операциялар сыртқы экономикалық қызметтің маңызды тармағы болып саналады. Лавриненко И.С. «Импорттық операциялар - елдің кедендік аймағына шикізаттар мен дайын өнімдер, тауалар мен өзге де активтердің шетелдік жабдықтаушылардан тасымалдау немесе сатып алынатын қызметтер бойынша оперциялар» деп түсіндереді [14, 484-488 бб.]. Демек, импорттық операциялардың бастапқы сатысы сыртқы саудалық, кедендік немесе өзге де келісімшарттарды жасаудан басталады.

Ғылыми зерттеу жұмысымыздың әдебиеттерге шолу жасау бөлімін аяқтай отырып, импорттық операциялар бизнестің тиімділігін дамытуға, инновациялау мен құрылымдау процессін ілгерлетуге, капитал мен жұмыс күшінің, технологиялық ресурстардың тиімді орналасуы мен пайдалануына, тиімді тауар айналымын ұйымдастыруға ықпал етеді деп айта аламыз.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ.

Импорттық операциялардың есебі өте күрделі бухгалтерлік есеп объектісі болып саналады. Бұл көптеген факторларға байланысты болады, соның ішінде валюталық және кедендік реттеу, салықтық, банктік заңнамаларының өзгерісі, ЕАЭО-қа мүше елдердің және оған мүше емес өзге де импорт жасалатын елдердің әртүрлі заңдарының талаптарының өзгерісі не тәжірибеде қолданудың қиындықтары кездесіп жатады. Сонымен қатар заңдар мен ережелердің тез өзгерісі кезінде дер кезінде әдістемелік ұсыныстардың қолдану сынағынан өтпеуі, валюта бағамның құбылмалы жағдайлары, инфляциялық факторлар ұйымдарды импорттық операциялар есебінде қиындықтар тудырып отырады.


Шетел валютасындағы операциялар 21-ші ХҚЕС бойынша бұл – шетел валютасында көрсетілген не болмаса шетел валютасымен есеп айырысуды талап ететін операциялар [3, 16.]. Бұл стандарт бойынша шетел валютасындағы операцияларды төмендегідей үш топқа бөліп көрсетуге болады (6-сурет).



6-сурет. Шетел валюатсындағы операциялардың түрлері

Ескерту – суреттің дереккөзі [3]

Шетелдік валютамен болған мәмілелерді бастапқы тану кезінде операцияның жасалған күндегі ағымдағы шетел валютасының сомасы валюта бағамы бойынша есепке алынуы тиіс. Яғни, есеп беру күніне төмендегі 7-ші суретте көрсетілген тәртіптер бойынша есепте көрсетілуі қажет (7-сурет).



7 сурет – Шетелдік валютамен болған операцияларды есепте тану тәртіптері

Ескерту – суреттің дереккөзі [3]

Халықаралық тәжірибе бойынша барлық экспорттық-импорттық операциялар тек коммерциялық негізде, атап айтатын болсақ, сыртқы экономикалық келісімшарттар арқылы жүзеге асырылады. Осы операциялар тауарлар шетелдік контрагенттің кедендік аумағынан өткеннен кейін ғана жақталған болып есептеледі. Яғни, экспорттық-импорттық операциялар кедендік бақылау мен рәсімдеуден өткен жағдайда орын алады [15, 565-568 бб]. Соған байланысты біз зерттеу арқылы импорттық операциялардың кезектілігін анықтап, оның негізгі жолдарын төмендегі 2-кесте арқылы көрсетіп отырымыз.

2 кесте – Валюталық келісімшарттың рәсімделу сатылары

№	Орындалатын сатылар	Орындаушылар	Құжаттық негіздемелер	Мерзімі
1	Валюталық келісімшартты дайындау және қол қою	Экспорттаушы (жеткізуші) және импорттаушы (сатып алушы)	Жеткізуші мен сатып алушы арасындағы болашақ мәміленің мазмұны және шарттары туралы ақпаратпен іскерлік хат алмасу	Келісімшартты дайындау мен жасасудың нақты уақыты
2	Валюталық келісімшартты тіркеу (50 000 АҚШ долларынан асатын операциялар – екінші деңгейлі банкте; 500 000 АҚШ долларынан асатын операциялар – ҚР ҰБ)	Импорттаушы	Валюталық келісім шарт	Келісім шарт жасалғаннан кейін
3	Келісімшарт бойынша жеткізу шарттарына байланысты мәмілелер жасасу, төлем өткізі, тасымалдау, тиеу-түсіру, сақтандыру және т. б. құжаттарды рәсімдеу	Экспорттаушы және импорттаушы	Валюталық келісімшарттар; тараптар арасындағы коммерциялық-іскерлік келіссөздер, хат алмасулар	Құжаттардың нақты рәсімделген уақыты

Ескерту – кесте автормен құрастырылды

ҚР-ның валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңына сәйкес импорт бойынша шарттардың сомасы 50 000 АҚШ долларынан асатын болса, немесе шарттың сомасы көрсетілмеген жағдай-

да шарт жасалған күні импорттаушы жақ валюталық шартты есеп айрысу операциясын өткізетін қызмет көрсетуші банкте міндетті түрде есептік тіркеуден өткізеді [16].

Жалпы ЕАЭО елдерінен импорт жасау операцияларының есебі үшінші елдерден импорт жасау операцияларынан ерекшеленеді. Ол ерекшеліктер қосылған құн салығын есепке алу (бұдан әрі ҚҚС); валюталық бағам айырмасының есебі; қаржылық есептілікте валюталық операциялар бойынша активтер мен берешектерді көрсету тәртіптері болуы мүмкін.

Отандық практик – аудитор Калденбергер А. Өзінің кезекті еңбегінде импорт бұл - бұл тауарларды шетелден елдің аумағына әкелу деп түсіндіреді [17]. Тауарлар импорты ЕАЭО елдерінен немесе оған мүше емес елдерден де әкелінеді.

Тауар импортына байланысты салық салынатын импортты анықтаудың қажеттілігі туындайды. Салық салынатын импорт бұл ЕАЭО және ҚР-ның кеден заңының талаптарына сәйкес декларациялауға жататын импортты түсінуге болады.

ЕАЭО шегінде тауарларды импорттау кезінде ҚҚС-ғын осы салық бойынша тіркеуден тұрған салық төлеушелер және тіркеуде жоқ импорттаушылар төлейді.

ҚҚС салық бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 жұлдызына дейін импорт бойынша есептілікті тапсырмас бұрын төленуі тиіс.

Мысалы 1: егер 2024 жылдың 15 шілдесінде ЕАЭО елінен 7 810 000 теңгеге тауар импортталған болса, онда импорттаушы ҚҚС сомасы 937 200 теңге ($7\,810\,000 \cdot 12\%$) 2024 жылдың 15 тамызына дейін төлеуі тиіс.

Дәрі-дәрмектер, инвестициялық алтын, шетел және ұлттық валюталарды импорттау бойынша операциялар ҚР Салық Кодексінің 451-бабына сәйкес ҚҚС – нан босатылады [1].

Импорттық операцияның бухгалтерлік есебі.

Импорттық операциялар бойынша дайындалған келесім шарттар тәжірибеде шетел валютасымен көрсетіледі. Соған байланысты импорттық операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу үшін 21-ХҚЕС негізгі алынады. Бұл стандарт бойынша шетел валютасымен жасалынған операциялар сипатына қарай монетарлық және монетарлық емес болып екіге бөлінеді.

Монетарлық баптар (ақшалай) – жұмысшыларға еңбек ақы мен жевидедттер тқлеу, тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер жүргізу және басқада төлемдер өткізу, яғни белгілі бір ақша сомасын алу құқығы немесе төлеу міндеттемесі. Ал басқа жағдайлардағы мұндай құқық бермейтін операциялар монетарлық емес (ақшалай емес) баптарға жатады. Осыған байланысты әрбір есептік кезеңнің аяғында шетел валютасымен монтарлық баптар бойынша операциялар есепті күндегі бағам бойынша қайта есептелуге жатады.

Мысалы 2. Қазақстандық ұйым (ЖШС) 2024 жылы Ресей компаниясымен құны 1,2 млн.рубль болатын импорттық келісім шарт жасады. Тауарларды жеткізу күні 2024 жылдың 20-қаңтары деп бекітілді. Келісім шарт бойынша төлем алында ала жүргізіледі. ЖШС тауар үшін төлемді 2024 жылдың 15-ші қаңтарында 5,63 теңге курспен (бағаммен) төледі ($1,2\text{ млн.рубль} \cdot 5,63\text{ теңге} = 6\,756\,000\text{ теңге}$). Яғни, импорт үшін төлем алдын ала аванспен төленгендіктен, сатып алушы жабдықтаушыдан ақша емес, тауар күтеді. Демек, бұл операция монетарлық емес болып саналады және бухгалтерлік есепте импорт үшін төленген аванс сомасы төлем өткізген күнгі бағаммен анықталады.

Оған мынадай бухгалтерлік жазулар беріледі (15.10.2024):

1) Шетел жабдықтаушыларына тауарлар үшін алдын ала төленген аванстар сомасына: Дт 1710/2 «Шетел жабдықтаушыларына төленген аванстар» Кт 1030/2 «Валюталық шоттағы ақша қаражаттары» – 6 756 000;

2) Шетел жабдықтаушыларанан алынған тауарлар құнына: Дт 1330/2 «Импорттық тауарлар» Кт 3310/2 «Шетелдік жабдықтаушыларға қысқа мерзімді кредиторлық берешектер» – 6 756 000;

3) Шетел жабдықтаушыларына кредиторлық берешектер аванстар есебінен өтелгенде: Дт 3310/2 «Шетелдік жабдықтаушыларға қысқа мерзімді кредиторлық берешектер» Кт 1710/2 Шетел жабдықтаушыларына тауарлар үшін алдын ала төленген аванстар – 6 756 000.

Егер осы операция бойынша шетел жабдықтаушысына аванс бірнеше төлемдер арқылы жүргізілетін болса, онда импорттық тауарларды импорттаушы ұйым валютаның орташа бағамымен есепке алады.

Мысалы 3. Жоғарыда операция бойынша тауар үшін төлем екі бөлікпен төленді: 700 000 рубль – 1 рубль бағамы 5,45 теңге; 500 000 рубль – 1 рубль бағамы – 5,63 теңге.

$700\,000 \cdot 5,45 = 3\,815\,000$ теңге;

$500\,000 \cdot 5,63 = 2\,815\,000$ теңге.

Валютаның орташа бағамы $6\,630\,000$ теңге / $1\,200\,000$ рубль = 5,52 теңге.

Демек, импортталған тауар ұйымның бухгалтерлік есебінде Дт 1330/2 «Импорттық тауарлар» Кт 3310/2 «Шетелдік жабдықтаушыларға қысқа мерзімді кредиторлық берешектер» – бухгалтерлік жауымен көрсетілуі тиіс.

Мысалы 4. Қазақстандық ұйым (ЖШС) 2024 жылдың қаңтарында құны 1,5 млн. рубль құрайтын Ресей жабдықтаушысымен келісім шарт жасасты. Тауарды жеткізу күні 09.01.2024 ж.

Импорттық тауар үшін төлем өткізу күні 10.01.2024 ж. ЖШС тауарды 09.01.2024 ж. алды. Тауар алынған күні валюта бағамы 5,70 теңге/рубль. Яғни, тауар алынған күні құны $1\,500\,000 \cdot 5,70 = 8\,550\,000$ теңге.

Тауар үшін төлем 10.01.2024 жылы жүргізілді, валюта бағамы 5,71 теңге/рубль. Яғни импорт үшін төлеген сома – $1\,500\,000 \cdot 5,71$ теңге = 8 565 000 теңге.

Демек, бұл жерде импорттаушы бағам айырмасынан зиянды мойындауы тиіс. $8\,565\,000 - 8\,550\,000 = 15\,000$ теңге. Оған Дт 7430 «Бағамдық айырма бойынша шығыстар» Кт 1030 «Есеп шоттағы ақша қаражаттары» бухгалтерлік жазуы беріледі.

Импорттық операцияның салықтық есебі.

Импорттық операцияларға байланысты корпоративтік табыс салығын (бұдан әрі КТС) есептеу мақсатында импорттық айналымдар бухгалтерлік есепте алынған аванстар бағамы немесе тәуекелдер мен пайданың алушыға ауысу күні бойынша 21-ХҚЕС-ның талаптарын ескере отырып есепте көрсетіледі [3].


ҚҚС есептеу үшін импорт бойынша салық салу айналымы Салық Кодексінің 442 бабы бойынша анықталады [1].

Импорттық тауарлар бойынша ҚҚС есепке алудың күніне сәйкес келетін айналым жасалған күн бойынша есептеледі (қайсысы соңғы болады, сол күнмен) [18]:

1) ХҚЕС және ҚР-ның бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік заңына сәйкес импорттық тауарларды бухгалтерлік есепте мойындау күні бойынша;

2) Импорттық тауарлардың ҚР аумағына әкелу күні бойынша.

ҚР – ның аумағына тауарларды әкелу күндері төмендегі 8-ші суретте келтірілген күндер болу ықтимал (8 - сурет).



8 сурет – ҚР – ның аумағына тауарларды әкелу күндерінің түрлері

Ескерту – сызбаны автор ҚР СК-нің негізінде құрастырды [1]

Егер тасымалдаушы ұйымнан импортталатын тауарларға жөнелту құжаттар алынған болса, онда тауарларды есепке алу күні болып тасымалдаушылардың сатып алушыға тауарларды берген күні болып саналады.

Мысалы 5. Ұйым (ЖШС) Ресейден құны 1,2 млн.рубль болатын келісім шарт жасасты. Келісім шарт бойынша тәуекелдер мен пайда сатып алушыға тауарларды тасымалдаушыларға тапсырған күн болып саналады (21.01.2024 ж.). Бұл күні валюта бағамы – 5,70 теңге/рубль. Тасымалдаушы кеден аумағын 23.01.2024 ж. өтті. Бұл күні валюта бағамы – 5,68 теңге/рубль. Тауар қоймаға 24.01.2024ж. түсті.

Бұл жағдайда *бухгалтерлік есеп және салық есебі үшін* (КТС есептеу мақсатында) тауарды 21.01.2024 ж. күнмен қабылдау қажет. Дт 1330/2 «Импорттық тауарлар» Кт 3310/2 «Шетелдік жабдық-тауаршыларға қысқа мерзімді кредиторлық берешектер» – 1 200 000 рубль*5,70 теңге = 6 840 000 теңге.

ҚҚС-ғын есептеу үшін салық есебінде импорт бойынша айналымды тауардың кеден аумағынан өткен күні бойынша анықтау қажет (23.01.2024).

Импорт бойынша айналым сомасы = 1 200 000 рубль*5,68 теңге = 6 816 000 теңге.

Осы жағдайда импорт бойынша ҚҚС сомасы = 6 816 000 *12% = 817 920 теңге. Бұл операцияның нәтижесін бухгалтерлік жазумен көрсететін болсақ, онда төмендегі 3-кестеден көруге болады.

3 кесте – Импортқа ҚҚС есептеу және төлеу бойынша операциялар

№	Импорт бойынша операциялар	Сомасы	Дт	Кт
1	Тауар импортталды	6 816 000	1310, 1330	3310
2	Импортталған тауарлар бойынша ҚҚС есептелінді (328 нысандағы өтініш және 320 салық декларациясы бойынша)	817 920	1420	3190/2 (импортқа ҚҚС)
3	Импорт бойынша ҚҚС төленді	817 920	3190/2 (импортқа ҚҚС)	1030
4	Импорт бойынша ҚҚС есепке апарылды	817 920	3190/2 (импортқа ҚҚС)	1420

Ескерту – кесте авторлармен құрастырылды

Импортталатын тауарларға ілеспе жүкқұжаттарды (бұдан әрі ТІҚ/СТН) ресімдеу ережесіне сәйкес [19] ЕАЭО аумағынан импорттаушы ұйым тауар тізімі ҚР СК 462 бабы бойынша көрсетілген тауалар импортына [1] тауарларға ілеспе құжатты рәсімдеуі тиіс.

ЕАЭО аумағынан импорт бойынша бухгалтерлік есептің алгоритімі өте күрделі болып саналады. Тәжірибелік тұрғыдан ол алгоритмді біз жинақтап, келесідей бағыттар бойынша көрсетуді жөн санап отырмыз (9-сурет).

- жеткізу және төлем шарттарын анықтау және рәсімдеу;	- шекарадан өткенге дейін тауарлардың ілеспе жүкқұжаттарын рәсімдеу;	- шекарадан өту кезінде тауарларға ілеспе жүкқұжаттарының кеден органдарымен расталуы;
- импорт бойынша тауарға меншік құқығының ауысу күнін және айналымның болған күнін анықтау;	- импорттаушымен тауарлардың ілеспе жүкқұжаттарын растау және импортталатын тауарларды есепке алу;	- есепті мерзімнен кейінгі айдың 20-шы жұлдызына дейін импорттық айналым бойынша ҚҚС және акцизді (егер акциз тауарларының импорты болса) төлеу;
- есепті мерзімнен кейінгі айдың 20-шы жұлдызына дейін 328 нысандағы өтініш пен 320 нысандағы есептілік үлгісін және 1-ТС нысандағы статистикалық есептілікті тапсыру;	- ҚР ҰБ-не төлем балансы бойынша есептілік тапсыру;	- ҚР кірістер Басқармасына шетелдік тауарларды пайдалану туралы жарты жылдық есептілікті тапсыру.

9 сурет – ЕАЭО аумағынан импорт бойынша бухгалтерлік есептің алгоритімі

Ескерту – сызбаны автор құрастырды

Отандық есеп тәжірибесінде импорттық операциялардың есебі бойынша тағы бір өзекті мәселе болып импортталатын тауарлардың әртүрлігіне байланысты оларды тиісті шоттарда дұрыс көрсету мәселесін атап өтуге болады. Мәселен, кейбір импортталған материалдарды тауар ретінде емес, оларды басқа компоненттермен қоса пайдалану арқылы «материалдар» ретінде есепке алу қажет болады. Импортталған активтер тек сату мақсатында емес, сонымен қатар өндіріске, әкімшілік қажеттілікке негізгі құралдар ретінде пайдалануға алынады. Бұл жағдайда оларды негізгі құралдар қатарына есепке алу қажет.

Импорттық операциялар кезінде тауардың жабдықтаушыдан сатып алушыға дейінгі келу жолы немесе кезеңінің ұзақтығына байланысты, тауарлар мен активтерді есепте мойындау күндерінің әртүрлі болуы ұйымдар үшін тауарларды, активтерді бухгалтерлік есепте көрсетуде қиындықтар тудырады. Бұл жағдайда импортталған тауарлар мен активтерді бухгалтерлік есепте тек іліспе құжаттар арқылы қабылдау жеткіліксіз болып саналады. Соған байланысты импорттық мәмілелердің нәтижесін бухгалтерлік есепте көрсету үшін басқа да реттеуші шаралардың қоса орындалғаны дұрыс деп санаймыз.

Ол үшін, біріншіден импорттық тауарлар мен активтерді қабылдау мақсатында арнайы қабылдау комиссиясын құрған дұрыс. Құрылған комиссия импортталған тауарларды қабылдау жұмыстарын жүргізіп, қорытындысында ілеспе құжаттардағы көрсетілген импорт көлемі мен өздері қабылдаған тауарлар көлемін салыстыра алады. Құндылықтарды қабылдаудың қорытындысы бойынша *«Импорттық тауарларды қабылдау актісін»* рәсімдеуге болады. Бұл актіге қабылдау комиссиясы импортталған және қоймаға қабылданған құндылықтарды пайдалану бағыты бойынша (шикізаттар мен материалдар, қосалқы бөлшектер, тауарлар, негізгі құралдар және т.б.) сипаттап көрсеткен жағдайда олардың талдамалық есебін жүргізу әлдеқайда жеңілдей түседі.

Сонымен бірге тәжірибеде импортты жүзеге асыру барысында импорттаушы жабдықтаушыдан материалдар мен шикізаттардың, тауарлардың шекарадан өту, ұйымның қоймасына келу уақыты бірнеше күнге, одан қала берді айларға созылуы мүмкін. Осындай жағдайда бухгалтерлік есепте импорттық операцияның көрсету күні мен материалдық құндылықтардың қоймаға келу күндерінің арасында алшақтық пайда болады. Бұл үшін біз 1310, 1330, 1350 шоттарына 1310/2 «Жолдағы импорттық материалдар мен шикізаттар»; 1330/3 «Жолдағы импорттық тауарлар»; 1350/2 «Жолдағы өзге де импорттық босалқылар» аралық шоттарын ашып талдамалық есепті жүргізуді ұсынамыз. Бұл шоттар импорттық операциялардың аяқталу кезеңін жедел бақылауға және жеткізуге арналған құндылықтардың есебін олар ұйымның қоймасына келгенге дейін жол бойы жедел есебін жүргізуге және бақылауға мүмкіндік береді.

Тауарлар активтер импорты бойынша олардың бастапқы құндарына сатып алу бағаларымен қатар оларды тасымалдау, тиеу түсіру, кедендік баж төлемдері сақтандыру шығындары және импорттауға байланысты басқа шығындар қосылады (тасымалдау шығындары). Бұл шығындардың жиынтық сомасын ұйымның бухгалтерлік есеп бөлімі, тауарлар мен құндылықтармен бірге келетін құжаттар арқылы көре алады және есепте мойындайды. Отандық есеп тәжірибесінде импорт бойынша тасымалдау шығындарын 8410 «Үстеме шығыстар» не болмаса 7210 «Әкімшілік шығыстар» шоттары арқылы жинақтап, содан кейін импорттық тауарлардың өзіндік құнына (бастапқы құны) апарып отырады. Ал, есепте импорттық тауарлар бойынша тасымалдау шығындарының импорттың өзіндік құнына дұрыс апару үшін біз импортталатын құндылықтардың тиісті синтетикалық шоттары бойынша аралық шоттар ашып жүргізуді ұсынамыз. Мәселен, 8410/2 «Импортталатын құндылықтар бойынша тасымалдау шығындары». Бұл шоттағы тасымалдау шығындарын тасымалдау құжаттары, яғни «Жүкқұжаттар», «Орындалған жұмыстардың актісі» арқылы шетелден алынған тауарлар мен шикізаттардың өзіндік құндарына ұйымның есеп саясатында қабылданған бөлу базасының негізінде пропорционалды түрде тарату қажет болады.

Тауарларды импорттауға байланысты тасымалдау шығындары қалыптасқан кезде: Дт 8410/2 «Импортталатын құндылықтар бойынша тасымалдау шығындары» Кт 1350 «Отын»; 3350 «Еңбек ақы бойынша кредиторлық берешектер»; 3150 «Әлеуметтік салық»; 3210 «Әлеуметтік сақтандыру»; 3230 «Міндетті медициналық сақтандыру жарнасы»; 3250 «Жұмыс берушінің МЗЖ» - бухгалтерлік жазуы беріледі.

Тауарларды импорттауға байланысты тасымалдау шығындары алынған импорттық тауарлардың өзіндік құнына таратылған кезде: Дт 1330/2 «Импорттық тауарлар» Кт 8410/2 «Импортталатын құндылықтар бойынша тасымалдау шығындары».

Сонымен бірге импорттық операция кезінде есеп тәжірибесінде кездесетін мәселе импортталатын ұзақ мерзімді активтерді бухгалтерлік есепте дұрыс мойындау қажет. Импортталатын ұзақ мерзімді активтердің барлығы бірдей тауар болып саналмайды. Егер, активті импорттау мақсаты ұйымның өндірістік-шаруашылық қызметіне пайдалану болып саналса, онда мұндай активтер негізгі құралдар ретінде сыныпталып, 16-шы «Негізгі құралдар» ХҚЕС-ның тәртіптері бойынша есепте мойындалу тиіс [20].

Импорттық операциялардың нәтижесін қаржылық және салықтық есепте көрсету бойынша біз ұсынып отырған жетілдіру әдістемелері мен іс-шаралар ұйымның құқықтық-экономикалық құрылымын, есеп-салық саясатын түбегейлі өзгертуді талап етпейді. Бірақ, берілген ұсыныстар импорт бойынша ұйымға әкелінетін тауарлар, шикізаттар мен ұзақ мерзімді активтер бойынша ҚҚС есебін жүргізуді, КТС есебін дұрыс ұйымдастыруды, активтер мен алынған тауарлардың талдамалық есебін жүйелі ұйымдастыруға көмектеседі.

ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫСТАР.

Ғылыми мақаланың негізгі мазмұнын орындау нәтижесінде біз мынадай импорттық операциялардың бухгалтерлік және салықтық есебінің әдістемелерін жетілдіруге байланысты мынадай қорытындылар мен ұсыныстар жасай аламыз:

1. Валюталық операциялар – бұл бухгалтерлік есептің маңызды есеп объектісі бола отырып, меншік құқығының ауысуымен байланысты немесе оларға байланыссыз операциялар, төлем құралы ретінде валюталық қаражаттарды пайдалану операциялары және валюталық құндылықтардың қозғалысы болып саналады.

2. ҚР-ның сыртқа сауда қызметінде, яғни импорттық, экспорттық сауда айланылымы бойынша алдыңғы үштікті Ресей, Қытай және Түркия мемлекеттері алып отырғанын байқауға болады. Жалпы тауар айналымының ішінде экспортқа қарағанда импорттық сауда айналымы басымырақ болып отырғанын анықталды. Демек, бұл мемлекетімізге шетелден тауарлар мен шикізаттарды сатып алу деңгейінің жоғары болып отырғанын көрсетеді.

3. Импорттық операциялардың бухгалтерлік есебі, салықтық есебінің арасындағы ерекшеліктер анықталып, ҚҚС мен КТС үшін импорттық операциялардың орындалу мерзімдерінің ерекшеліктеріне қарай оларды есепте көрсету алгоритімдері ұсынылды.

4. ЕАЭО елдерінен импорт жасау кезінде шикізаттар мен материалдарды, тауарларды, өзге де активтердің жолдағы есебін жүргізу үшін талдамалық есеп шоттарын пайдалану әдістемесі ұсынылды. Импортталатын бұйымдар мен тауарларды жол бойы тасымалдауға жұмсалатын шығындарды импорттың өзіндік құнына дұрыс тарату мақсатында тасымалдау шығындарын бөлек есепте көрсетуге арналған аралық шот (талдамалық шот) қолдану ұсынылды.

Сонымен, қорытындылай келе осы аталған ұсыныстарды тәжірибеде қолдану арқылы кәсіпорын импорттық келісім шарттар бойынша тауардың қозғалысына жедел бақылау жүргізуге, импорттық тауарлар мен активтердің өзіндік құндарын дұрыс анықтауға, импорт бойынша тиісті салықтардың дұрыс есептелуі мен олардың бюджетке дер кезінде төленуін қадағалауға және жалпы ұйымның қаржылық және салықтық есептіліктерінің дұрыс қалыптасуына маңызды әсер етеді деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс) Кодекс Республики Казахстан от 25 декабря 2017 года № 120-VI (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2025 г.) [Электронный ресурс] // Әділет [web-сайт]. – 2017. - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36148637 (дата обращения: 04.01.2025) (Electronic source).

2. Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 және Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысы мен бұйрығы [Электрондық ресурс] // Әділет [web-сайт]. – 2023. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033512> (қарау уақыты: 04.01.2025) (Electronic source).

3. «Валюталық бағам өзгерісінің әсері» 21 (IAS) Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты [Электрондық ресурс] // Әділет [web-сайт]. – 2014. - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31247406 (қарау уақыты: 04.01.2025) (internet source).
4. Ржаницына В.С. Учет и налогообложение операций с иностранными контрагентами // Журнал: Бухгалтерский учет. - №18. – 2014. – С. 45-46. (journal).
5. Rivera-Batiz, Francisco L (1985), International Finance and Open Economy Macroeconomics // New York : Macmillan; London: Collier Macmillan [Electronic textbook] // https://archive.org/details/internationalfin000rive_10j8 (date of request: 04.01.2025) (internet source).
6. Понаморенко В.Л. Валютное регулирование и валютный контроль: учебное пособие: Изд.: «Омега-Л», 2012. – 80 с. (book).
7. Сыртқы, өзара сауда және тауар нарықтары статистикасы [Электронный ресурс] // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [web-сайт]. – 2025. – URL: // <https://stat.gov.kz/industries/economy/foreign-market/publications/> (қарау уақыты: 04.01.2025) (Electronic source).
8. Основные торговые партнеры Казахстана по итогам 2023 года / Центр деловой информации: Kapital.kz [Электронный ресурс] [web-сайт]. – 2023. - URL: // <https://kapital.kz/economic/123324/osnovnyye-torgovyye-partnery-kazakhstana-po-itogam-2023-goda.html> (қарау уақыты: 05.01.2025) (internet source).
9. Tran Tan Tai, Chi Dan «The role of international trade in a world economy» / International Journal of Advanced Multidisciplinary Research and Studies. – 2022. - 2 (6). – P. 717-726 [Electronic resource] [web-сайт]. – 2022. - URL: // <https://www.researchgate.net/publication/366087372> (date of request: 01.05.2025) (Electronic source).
10. Мельник М.В. Анализ и контроль в коммерческой организации: учебник.- М.: Эксмо, 2012. – 560 с. (book).
11. «Об экспортном контроле» Закон Республики Казахстан от 21 июля 2007 года № 300-III (с изменениями и дополнениями по состоянию на 15.11.2020 г.) // Әділет [web-сайт]. – 2020 https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30116376 (дата обращения: 05.01.2025) (Electronic source).
12. «О таможенном регулировании в Республике Казахстан» Кодекс Республики Казахстан от 26 декабря 2017 года № 123-VI (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2025 г.) // Әділет [web-сайт]. – 2025. - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39082703 (дата обращения: 05.01.2025) (Electronic source).
13. Таможенный кодекс Евразийского экономического союза (приложение № 1 к Договору о Таможенном кодексе Евразийского экономического союза от 11 апреля 2017 года) (с изменениями от 29.05.2019 г.) // Әділет [web-сайт]. – 2019. - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36041210 (қарау уақыты: 06.01.2025) (internet source).
14. Лавриненко И.С. Особенности учёта импортных операций //Журнал Молодой ученый. - 2022. - № 20 (415). - С. 484-486 (journal).
15. Soliev D.J., Kuchkarov B.K., Abdullaev B. D.U. (2022) Issues of improving accounting for export-import operations at enterprises / Oriental renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences, 2022. - №2 (6). – Pp. 565-578. - URL: <https://www.oriens.uz/media/journalarticles> (date of request: 06.01.2025) (journal).
16. О валютном регулировании и валютном контроле Закон Республики Казахстан от 2 июля 2018 года № 167-VI ЗРК // Әділет [web-сайт]. – 2018. - URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1800000167> (қарау уақыты: 06.01.2025) (Electronic source).
17. Калденбергер А. Международные отношения: учет и налогообложение /Электронный журнал: Бухгалтерский учет на практике.- №11. – 2018 [web-сайт]. – 2018. - URL: <https://cdb.kz/sistema/biblioteka-bukhgaltera/articles/mezhdunarodnye-otnosheniya-uchet-i-nalogooblozhenie/> (дата обращения: 06.01.2025) (internet source).
18. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 Заңы // Әділет [web-сайт]. – 2007. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234_ (қарау уақыты: 07.01.2025) (Electronic source).

19. «Об утверждении Перечня товаров, на которые распространяется обязанность по оформлению сопроводительных накладных на товары, а также Правил оформления сопроводительных накладных на товары и их документооборот» Приказ Первого заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра финансов Республики Казахстан от 26 декабря 2019 года № 1424 // Әділет [web-сайт]. – 2019. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019784> (дата обращения: 07.01.2025).

20. «Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар» 16-шы Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарты (IAS 16) // Әділет [web-сайт]. – 2014. - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31468856 (қарау уақыты: 07.01.2025).

REFERENCES

1. «O nalogah i drugih obyazatelnyh platezhah v byudzheth (Nalogovyy Kodeks)» The Code of the Republic of Kazakhstan dated December 25, 2017 No. 120-VI (with amendments and additions as of 01.01.2025). Retrieved January 04, 2025, from URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36148637. (In Russian).

2. «Kazakstan Respublikasynda eksporttyk-importtyk valyutalyk bakylaudy zhyzege asyru kagidalaryn bekitu turaly» Joint resolution and order of the Board of the National Bank of the Republic of Kazakhstan dated September 29, 2023 No. 78 and the Minister of Finance dated October 4, 2023 No. 1054 (2023). Retrieved January 04, 2025, from URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033512> (In Kazakh).

3. «Valyutalyk bagam ozgerisinini aseri» 21 (IAS) International Financial Reporting Standard [electronic resource] (2014). Retrieved January 04, 2025, from URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31247406. (In Kazakh).

4. Rzhaničyna V. S. (2014) «Uchet i nalogooblozhenie operacij s inostrannymi kontragentami» *Journal: Accounting*. - No. 18. – 2014. – pp. 45-46.

5. Rivera-Batiz, Francisco L (1985), *International Finance and Open Economy Macroeconomics* // New York : Macmillan; London: Collier Macmillan [Electronic textbook]. Retrieved January 04, 2025, from URL: https://archive.org/details/internationalfin0000rive_10j8.

6. Ponamorenko V. L. (2012) *Valyutnoe regulirovanie i valyutnyj kontrol*: textbook: Publishing house: Omega-L, 2012. – 80 p. (In Russian).

7. «Syrtky, ozara sauda zhəne tauar naryktary statistikasy» Bureau of national statistics of the agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and reforms (2025). Retrieved January 04, 2025, from URL: <https://stat.gov.kz/industries/economy/foreign-market/publications> (In Kazakh).

8. «Osnovnye torgovye partnery Kazahstana po itogam 2023 goda» Business Information Center: Kapital.kz (2023). Retrieved January 04, 2025, from URL: // <https://kapital.kz/economic/123324/osnovnye-torgovyye-partnery-kazahstana-po-itogam-2023-goda.html> (In Russian).

9. Tran Tan Tai, Chi Dan (2022), «The role of international trade in a world economy» / *International Journal of Advanced Multidisciplinary Research and Studies*. – 2022. - 2 (6). – P. 717-726. Retrieved January 05, 2025, [Electronic resource]. from URL: // <https://www.researchgate.net/publication/366087372>.

10. Melnik M. V. (2010), *Analiz i kontrol v kommercheskoj organizacii*: textbook.- M.: Eksmo, 2012. – 560 p. (In Russian).

11. «Ob eksportnom kontrole» The Law of the Republic of Kazakhstan dated July 21, 2007 No. 300-III (with amendments and additions as of 11.15.2020). Retrieved January 05, 2025, from URL: // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30116376 (In Russian).

12. «O tamozhennom regulirovanii v Respublike Kazahstan» Code of the Republic of Kazakhstan from December 26, 2017 No. 123-VI (with amendments and additions on 01.01.2025). Retrieved January 05, 2025, from URL: // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39082703 (In Russian).

13. «Tamozhennyj kodeks Evrazijskogo ekonomicheskogo soyuza» (Appendix No. 1 to the Agreement on the Customs Code of the Eurasian Economic Union dated April 11, 2017). Retrieved January 05, 2025, from URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36041210 (In Russian).

14. Lavrinenko I. S. (2022), *Osobennosti uchyota importnyh operacij*: //Young Scientist Magazine. - 2022. - № 20 (415). - Pp. 484-486 (In Russian).

15. Soliev D.J., Kuchkarov B.K., Abdullaev B. D.U. (2022), Issues of improving accounting for export-import operations at enterprises / Oriental renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences, 2022. - №2 (6). – Pp. 565-578. Retrieved January 06, 2025, from URL: [https://www.oriens.uz/media/journalarticles\(journal\)](https://www.oriens.uz/media/journalarticles(journal)).

16. «O valyutnom regulirovanii i valyutnom kontrole» Law of the Republic of Kazakhstan from July 2, 2018 No. 167-VI (2018). Retrieved January 06, 2025, from URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1800000167> (In Russian).

17. Kaldenberger A. (2018), *Mezhdunarodnye otnosheniya: uchet i nalogoblozhenie* // Electronic journal: Accounting in practice.- No. 11. – 2018. Retrieved January 06, 2025, from URL: <https://cdb.kz/sistema/biblioteka-bukhgaltera/articles/mezhdunarodnye-otnosheniya-uchet-i-nalogoblozhenie>. (In Russian).

18. «Buhgalterlik esep pen karzhylyk esepilik turaly» Law of the Republic of Kazakhstan dated February 28, 2007 No. 234 (2007). Retrieved January 06, 2025, from URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234>. (In Kazakh).

19. «Ob utverzhdenii Perechnya tovarov, na kotorye rasprostranyaetsya obyazannost po oformleniyu soprovoditel'nyh nakladnyh na tovary, a takzhe Pravil oformleniya soprovoditel'nyh nakladnyh na tovary i ih dokumentooborot» Order of the First Deputy Prime Minister of the Republic of Kazakhstan - Minister of Finance of the Republic of Kazakhstan dated December 26, 2019 No. 1424 (2019). Retrieved January 07, 2025, from URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019784>. (In Russian).

20. «Zhylyzhymajtyn mylik, gimarattar men zhabdyktar» (IAS 16). – 2014. Retrieved January 07, 2025, from URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31468856 (In Kazakh).

METHODOLOGICAL ASPECTS OF ACCOUNTING FOR IMPORT OPERATIONS IN THE COUNTRIES OF THE EURASIAN ECONOMIC UNION

M. Nabieva^{1*}, S. S. Sapparbaeva¹

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose of the study. In the context of the structural and international development of the economy, import trade operations occupy a special place in the economy of the Republic of Kazakhstan. Recently, there has been a tendency for domestic organizations and companies to integrate into foreign trade services at a high level. We all know that the provision of domestic production and service businesses with the necessary raw materials is carried out by importing from far and near countries. Due to the still incorrect practice of carrying out import operations and the correct reflection in accounting and tax accounting, business entities face certain difficulties associated with carrying out import operations in accounting.

A properly organized methodology for accounting for general import trade operations should be aimed at reliably, correctly and objectively reflecting the financial result of the company and the existing operations and their results during the reporting period.

The purpose of the study is to determine the most effective methods of accounting by studying the aspects of accounting for import transactions in accordance with the requirements of International Financial Reporting Standards (IFRS) and the specifics of the tax code, one of the most complex and controversial accounting objects in accounting practice during the complex and volatile development of the economy.

Research methodology. When executing the article, monographic research methods, accounting methods, and economic analysis methods were used.

Originality / value of the study. The result of the study of this topic is distinguished by the methods of correct reflection in financial accounting and tax accounting of the results of initial recognition, assessment, subsequent assessment, release into production, sales of raw materials and materials, goods and assets received from the EAEU countries.

Results of the study. In the literature review section of the research work, the works of domestic and foreign scientific practitioners on import operations are studied and author's recommendations for import operations are given. The main part of the article defines the procedure for initial recognition and evaluation of imported goods and raw materials, activities, procedures for determining their prices, procedures for accounting for Value Added Tax on imports.

Key words. Imports, import operations, foreign economic trade, customs control and regulation, currency regulation and control, value added tax, corporate income tax, customs duties.

МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ УЧЕТА ИМПОРТНЫХ ОПЕРАЦИЙ В СТРАНАХ ЕВРАЗИЙСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОЮЗА

А. М. Набиева^{1*}, С. С. Сапарбаева¹

¹ Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева,
Астана, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования. В контексте структурного и международного развития экономики импортные торговые операции занимают особое место в экономике Республики Казахстан. В последнее время наблюдается тенденция к интеграции отечественных организаций и компаний во внешнеторговые услуги на высоком уровне. Все мы знаем, что обеспечение отечественных производственных и сервисных предприятий необходимым сырьем осуществляется за счет импорта из дальних и ближних стран. Из-за все еще неправильной практики проведения импортных операций и правильного отражения их в бухгалтерском и налоговом учете хозяйствующие субъекты сталкиваются с определенными трудностями, связанными с проведением импортных операций в бухгалтерском учете.

Правильно организованная методология учета общих импортных торговых операций должна быть направлена на надежное, корректное и объективное отражение финансового результата компании, а также существующих операций и их результатов за отчетный период.

Целью исследования является выявление наиболее эффективных методов ведения бухгалтерского учета путем изучения аспектов учета импортных операций в соответствии с требованиями Международных стандартов финансовой отчетности (МСФО) и специфики налогового кодекса в период сложного и нестабильного развития экономики.

Методология исследования. При выполнении статьи были использованы методы монографического исследования, бухгалтерского учета и экономического анализа.

Оригинальность/ ценность исследования. Результаты изучения данной темы отличаются методами первоначального признания и оценки, последующей оценки, отпуск в производство, правильного отражения в финансовом и налоговом учете результатов реализации сырья и материалов, товаров и активов, полученных из стран ЕАЭС.

Результаты исследования. В разделе «Обзор литературы» исследовательской работы изучены работы отечественных и зарубежных ученых-практиков по импортным операциям и даны авторские рекомендации по импортным операциям. Основная часть статьи определяет порядок первоначального признания и оценки импортируемых товаров и сырья, активов, процедуры определения их цен, процедуры учета налога на добавленную стоимость при импорте.

Ключевые слова. Импорт, импортные операции, внешнеэкономическая торговля, таможенный контроль и регулирование, валютное регулирование и контроль, налог на добавленную стоимость, корпоративный подоходный налог, таможенные пошлины.

ОБ АВТОРАХ

Набиева Акбаян Мухтаровна – экономика ғылымдарының магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты; akbayanmn@gmail.com. ORCID ID: 0009-0001-6756-7453*

Сапарбаева Сауле Саулебаевна – экономика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, saulet71@mail.ru. ORCID ID: 0000-0003-1686-5052

MPНТИ 06.71.02

JEL Classification: F21, Q32, Q35, L71.

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2025-3-179-191>

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ СЕКТОРЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДІК
ИНВЕСТИЦИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ:
ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

С. С. Ыдырыс¹, Ш. А. Жұмаділла^{2*}, Г. Р. Момбекова²

¹Халықаралық туризм және меймандостық университеті,
Түркістан, Қазақстан

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

АНДАТПА

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласындағы инвестициялық саясатын бағалау және шетелдік инвестициялар тартудың қазіргі жағдайын талдау. Зерттеудің негізгі мақсаты – мұнай-газ саласындағы шетелдік инвестициялар тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты бағалау және осы салаға инвестициялар тарту процесіне әсер ететін негізгі факторларды анықтау.

Зерттеу әдіснамасы – Зерттеу барысында Қазақстанның мұнай-газ саласына шетелдік инвестиция тарту тәжірибесіне экономикалық және институционалдық тұрғыда талдау жүргізілді. 2010–2023 жылдар аралығындағы ресми статистикалық деректер ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметтері мен зерттеу есептері пайдаланылды. Талдау шеңберінде Қазақстанға ең көп инвестиция салған елдер – Нидерланд, Ресей, Швейцария және басқа да мемлекеттер арасындағы инвестициялық ағындар салыстырылды. Сонымен қатар, ұлттық заңнамалық база мен мемлекеттік реттеу тетіктері зерделеніп, олардың шетелдік инвестицияларға әсері қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде мұнай-газ саласындағы шетелдік инвестицияларды тиімді басқаруға бағытталған нақты ұсыныстар әзірленді.

Зерттеудің өзіндік ерекшелігі/құндылығы – Зерттеу барысында Қазақстанның мұнай-газ саласына тартылған шетелдік инвестициялардың ағымдағы жағдайын бағалау, олардың өзгеру тенденцияларын анықтау және Қазақстан экономикасының стратегиялық маңызды саласына шетелдік капиталдың әсерін талдау жүргізілді. Мақалада 2019–2023 жылдар аралығындағы шетелдік инвестициялардың нақты динамикасы талданып, Қазақстанның мұнай-газ секторындағы инвестициялық саясаттың құрылымы мен трансформация үдерісіне баға берілді. Қазақстанға инвестиция салатын басты мемлекеттер – АҚШ, Қытай, Нидерланд, Оңтүстік Корея және Бельгияның экономикалық ықпалы сипатталды.

Зерттеу нәтижелері – Шетелдік инвестициялар ағынын тұрақтандыру мен әртараптандыру мақсатында институционалдық реформаларды жетілдіру, мұнай-химия және қайта өңдеу секторларына бағытталған инвестициялық ынталандыру шараларын әзірлеу үшін қолданылуы мүмкін. Қазақстанда мұнай-газ саласына тартылатын шетелдік инвестициялар көлемінің салыстырмалы тұрақтылығына қарамастан, соңғы жылдары төмендеу үрдісі байқалып отыр. Бұл үрдіс жаһандық нарықтағы өзгерістер